

**«ДАРЫН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ОЛИМПИАДАНЫҢ ҮШІНШІ (ОБЛЫСТЫҚ) КЕЗЕҢІ
(2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ)**

11 сынып II тур

Жұмыс уақыты: Тапсырманың орындалу уақыты 120 минут

Екінші турдың сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау тәртібі:

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 12,5 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

10-12,5 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады;

8-9 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді;

5-7 ұпай – жауап барынша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер кездесті;

3-4 ұпай – жауабы толық емес, дәрекі қателер кетті;

1-2 ұпай – сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.

Екінші турдан оқушының жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50. Олимпиаданың екі турынан да жоғары ұпай ала білген оқушының 100 ұпай жинауға мүмкіндігі бар.

№	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті	<i>Тұрғандай көп сыр жиып, Шыңды айналған құзды шаттар, Құзды шаттар аққан су, Сылдырайды мұз бұлақтар, Үзінді қай ақынның өлеңінен алынған. Шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын қызметін талдаңыз. Бұл туындыда не туралы айтылатынын қысқаша баяндап беріңіз?</i>
2.	Қазақ әдебиеті	Смағұл Елубайдың «Жалған дүние» романындағы өзекті мәселелерді тұжырымдаңыз.
3.	Қазақ тілі	Дүниежүзілік саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени интеграция, яғни жаһандану үрдісінің әлем халықтары арасында қарқынды дамуы нәтижесінде бүгінгі күні мемлекетішілік, әлеуметтік өзгерістер ауқымы артуда . Сондай өзгерістердің бірі және маңыздысы ретінде зияткерлік миграция мәселесі күнделікті күн тәртібінен түсер емес. Тәуелсіздік тұғырын 30 жыл бұрын ғана құрған Қазақстан – жас, әлеуеті зор, болашақтың мемлекеті ретінде өз орнын айқындауда. Осындай жаңашыл мемлекетке қалайша осы мәселе тән болып тұр? Қазақстанда интеллектуалды мигранттардың артуына не түрткі болуда? Кез келген мемлекет үшін зияткерлік эмиграцияның келтірер шығыны, зияны орасан зор. Тек демография жағынан емес, халық сананың азаюы емес, мемлекеттің болашағына

		<p>тікелей әсер етуімен маңызды. Еліміздің негізгі даму бағыты осынау жаһандану кезінде – ғылыми-технологиялық прогресс. Озық технологиялар мен инновациялық идеялар жарысы күннен күнге артуда. Яғни, қазір мемлекеттер жарысы әскери күшпен емес, ғылыми жетістіктермен өлшенуде. <u>Жаңа технологиялар мен ғылыми ізденушілік жұмыстар, жана ғылыми жаңалықтар саны артып жатқан заманда бәсекеге қабілеттілік</u> – мемлекеттің болашақта жаһанданумен жұтылып кетпеуінің, ғылыми сайыста артта қалып, дамыған елдер көшінің соңында қалып кетпудің басты шарты. Ал, осы шарт еліміздің ертеңі болып, ел артқан үміт, халық алдындағы келешек үшін жауапкершілік, осы – қазіргі заман батырларының мойнында. Ал, қазіргі зияткерлік миграция – осы сенімді су сепкендей басуда. Күннен күнге шетел асып кетіп жатқан жастарымыздың саны артуда. Бір жағынан, шетелде білім алуы – олардың халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Шетелдің әдістерімен білім алу арқылы АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Канада сияқты ғылыми-технологиялық саладағы хас-шеберлердің қателіктері мен жетістікке жетудегі басты қаруларын білу арқылы, сол елдердің өзін озып кетуге әлеуетіміз жеткілікті болғандықтан, бұл өте маңызды стратегиялық шешім. Алайда, барлығы өзгеше болуы да мүмкін.</p> <p>а) Мәтіндегі негізгі ойды және қосымша ақпаратты анықта. ә) Мәтіннің стилін анықта. Стиліне тән жанрлық ерекшеліктерді айт. б) Мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасыңды білдір.</p>
4.	Қазақ тілі	<p>а) Асты сызылған сөйлемге синтаксистік талдау жаса. ә) Қарамен берілген сөздерге морфологиялық талдау жаса. б) Мәтіннен ілгерінді және кейінді ықпал қатысқан 3 сөз тіркесін тауып, оларға фонетикалық талдау жаса.</p>